

## Қостанай қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 79 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 желтоқсанда № 26024 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 69369052,0 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер бойынша – 48949400,3 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер бойынша – 184996,3 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 3501093,0 мың теңге;
  - трансферттер түсімі бойынша – 16733562,4 мың теңге;
- 2) шығындар – 71456504,6 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 73801,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 4240431,4 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 6401685,0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 6401685,0 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 05.12.2022 № 169 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. 2022 жылға арналған қала бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемі 20922381,0 мың теңге сомасында белгіленсін.

3. 2022 жылға арналған қала бюджетіне облыстық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемі 0 теңгені құрайтыны ескерілсін.

4. 2021 жылға арналған қалалық бюджетте ағымдағы нысаналы трансферттер түсімінің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге 174130,0 мың теңге сомасында;

азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінің жекелеген санаттарының еңбек ақысын арттыруға 159394,0 мың теңге сомасында;

мәдениет ұйымдарында ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге 71316,0 мың теңге сомасында;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 719995,0 мың теңге сомасында;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға 594420,0 мың теңге сомасында;

еңбек нарығын дамытуға 351618,0 мың теңге сомасында;

үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға 123237,0 мың теңге сомасында;

Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы төлемдерге 55590,0 мың теңге сомасында;

көшелерді орташа жөндеуге 1339035,0 мың теңге сомасында;

орамішілік өтпе жолдарды ағымдағы жөндеуге 500000,0 мың теңге сомасында;

объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге 11279,0 мың теңге сомасында;

жолаушыларды жеңілдетілген шарттарда тасымалдағаны үшін тасымалдаушыларға өтемақы төлеуге 325662,0 мың теңге сомасында;

әлеуметтік маңызы бар қалалық, қала маңындағы қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға 1573301,0 мың теңге сомасында;

шағын және орта бизнес субъектілері үшін салықтық жүктемені төмендетуге байланысты шығындарды өтеуге 955049,0 мың теңге сомасында.

5. 2022 жылға арналған қалалық бюджетте нысаналы даму трансферттері түсімінің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға нысаналы трансферт 3019882,0 мың теңге сомасында;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға нысаналы трансферт 4788041,0 мың теңге сомасында;

сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға нысаналы трансферт 3859482,0 мың теңге сомасында;

мемлекеттік органдардың объектілерін дамытуға нысаналы трансферт 31134,0 мың теңге сомасында.

6. 2022 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджеттен қаражаттар түсімінің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

тұрғын үйді жобалауға және (немесе) салуға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерін кредиттеуге 9727406,0 мың теңге сомасында.

7. 2022 жылға арналған қаланың жергілікті атқарушы органының резерві 213070,4 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 05.12.2022 № 169 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

8. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қалалық мәслихатының хатшысы

Б. Сандыбеков

Мәслихаттың

2021 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 79 шешіміне

1-қосымша

### Қостанай қаласының 2022 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 05.12.2022 № 169 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Сомасы, мың теңге	
		Саныбы			
		Кіші сыныбы			
				Атауы	
				I. Кірістер	69 369 052,0
1				Салықтық түсімдер	48 949 400,3
		01		Табыс салығы	31 262 100,3
			1	Корпоративтік табыс салығы	14 097 600,3
			2	Жеке табыс салығы	17 164 500,0
		03		Әлеуметтік салық	12 265 000,0
			1	Әлеуметтік салық	12 265 000,0
		04		Меншікке салынатын салықтар	4 180 400,0
			1	Мүлікке салынатын салықтар	2 916 000,0
			3	Жер салығы	170 000,0
			4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 094 400,0
		05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 040 900,0
			2	Акциздер	420 700,0

		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	85 500,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	534 700,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	201 000,0
		1	Мемлекеттік баж	201 000,0
2			Салықтық емес түсімдер	184 996,3
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	69 902,3
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	2 465,0
		4	Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	2 975,3
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	62 282,0
			Мемлекеттік бюджеттен	

		7	берілген кредиттер бойынша сыйақылар	980,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	1 200,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер ұйымдастыраты н мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	12 180,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер ұйымдастыраты н мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	12 180,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен ( шығыстар сметасынан) қамтылатын ж ә н е қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	9 000,0

		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге үтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	9 000,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	93 914,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	93 914,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3 501 093,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 443 093,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 443 093,0
	03		Жерді және материалдық	1 058 000,0

			емес активтерді сату	
		1	Жерді сату	288 000,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	770 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	16 733 562,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	16 733 562,4
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	16 733 562,4
Функционалдық топ				
	Кіші функция			Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
	Атауы			
			II. Шығындар	71 456 504,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 280 021,5
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	594 765,5
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	55 746,6
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін	54 150,6

				қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	290,0
			005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	1 306,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	539 018,9
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	510 530,3
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	27 809,7
			009	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	678,9
	2			Қаржылық қызмет	179 731,9
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	83 218,7
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін	67 147,1



				басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	15 223,6
			018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	848,0
		489		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі	96 513,2
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік активтер мен сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 019,3
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 880,0
			005	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3 613,9
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	61 793,4
				Ауданның (облыстық	

		453		маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	61 793,4
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52 259,6
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 891,4
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	5 642,4
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	443 730,7
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	38 045,3
				Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын	

			001	дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 539,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	506,3
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	374 140,6
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	169 641,7
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	204 498,9
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	31 544,8
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	31 544,8
02				Қорғаныс	94 864,1
	1			Әскери мұқтаждар	94 864,1
				Аудан (облыстық	

		122		маңызы бар қала ) әкімінің аппараты	94 864,1
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	94 864,1
03				Қоғамдық тәртіп , қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	87 511,6
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	87 511,6
		458		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	87 511,6
			021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	87 511,6
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 566 794,0
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	724 660,0
		451		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	724 660,0
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	724 660,0

	2			Әлеуметтік көмек	2 323 424,2
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2 323 424,2
			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	592 642,5
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	11 850,0
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	501 027,1
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	26 674,1
			013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	211 282,7
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	230 424,3
				Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалы	

			017	қ құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	653 866,9
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	95 656,6
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	518 709,8
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	518 709,8
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік	156 615,2

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	700,0
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 777,9
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	201 822,1
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	125 766,1
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	25 028,5
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	18 749 299,0
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	15 439 384,7
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 109,2

			033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	2 109,2
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	353 970,4
			016	Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу	353 970,4
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	14 909 015,8
			003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	9 782 041,9
			004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	5 126 973,9
		491		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй қатынастары бөлімі	174 289,3
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	148 223,8



			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 790,0
			005	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	15 472,9
			006	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	4 302,6
			031	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	3 500,0
	2			Коммуналдық шаруашылық	1 279 176,4
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 279 176,4
			012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	180 000,0
			029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1 095 997,6
			048	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	3 178,8
	3			Елді-мекендерді көркейту	2 030 737,9
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық	

		458		шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 030 737,9
			015	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	991 302,5
			016	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	77 857,4
			017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	2 394,0
			018	Елді мекендерді абаттандыру ж ә н е көгалдандыру	959 184,0
08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	779 399,9
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	381 103,2
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	381 103,2
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	381 103,2
	2			Спорт	50 375,2
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	50 375,2
				Жергілікті деңгейде дене шынықтыру	

			001	және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 949,3
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	5 933,3
			007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	27 492,6
	3			Ақпараттық кеңістік	259 119,9
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	197 942,9
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	196 899,9
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 043,0
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	61 177,0
				Мемлекеттік ақпараттық	

			002	саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	61 177,0
	9			Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	88 801,6
		455		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	56 391,1
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 199,1
			010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 040,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	14 152,0
		456		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	32 410,5
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру	21 916,0

				саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	9 202,5
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 292,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	2 574,9
	1			Отын және энергетика	2 574,9
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 574,9
			019	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	2 574,9
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	173 360,2
	6			Жер қатынастары	173 360,2
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар	173 360,2

				қаланың) жер қатынастары бөлімі	
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80 803,6
			003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	79 101,8
			004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	13 454,8
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	333 524,4
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	333 524,4
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	221 507,3
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	219 269,0
			017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 238,3
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

		468		қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	112 017,1
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	74 220,0
			003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	35 837,4
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 959,7
12				Көлік және коммуникация	10 361 060,6
	1			Автомобиль көлігі	7 890 265,9
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7 890 265,9
			022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	39 885,1
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7 850 380,8
	9			Көлік және коммуникацияла	2 470 794,7

				р саласындағы өзге де қызметтер	
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 470 794,7
			024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	362 969,7
			037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	2 107 825,0
13				Басқалар	213 070,4
	9			Басқалар	213 070,4
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	213 070,4
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	213 070,4
14				Борышқа қызмет көрсету	1 159 158,1
	1			Борышқа қызмет көрсету	1 159 158,1



		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1 159 158,1
			013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	1 159 158,1
15				Трансферттер	34 655 865,9
	1			Трансферттер	34 655 865,9
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	34 655 865,9
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	54 513,6
			007	Бюджеттік алып қоюлар	20 922 381,0
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	13 271 935,0
				Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт	

			054	есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	407 036,3
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	73 801,0
				Бюджеттік кредиттер	350 000,0
				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	350 000,0
				Тұрғын үй шаруашылығы	350 000,0
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	350 000,0
				Тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ны кредиттеу	350 000,0
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	276 199,0
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	276 199,0
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	276 199,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	276 199,0
				IV. Қаржы активтерімен	

				опирациялар бойынша сальдо	4 240 431,4
				Қаржы активтерді сатып алу	4 244 044,1
13				Басқалар	4 244 044,1
	9			Басқалар	4 244 044,1
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 244 044,1
			065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	4 244 044,1
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	3 612,7
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	3 612,7
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	3 612,7
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	3 612,7
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-6 401 685,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	6 401 685,0

2021 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 79 шешіміне

2-қосымша

**Қостанай қаласының 2023 жылға арналған бюджеті**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 05.12.2022 № 169 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Санаты					Сомасы, мың теңге
		Саныбы		Атауы	
		Кіші сыныбы			
				I. Кірістер	61 548 889,5
1				Салықтық түсімдер	47 006 280,5
	01			Табыс салығы	29 240 374,1
		1		Корпоративтік табыс салығы	14 539 119,1
		2		Жеке табыс салығы	14 701 255,0
	03			Әлеуметтік салық	12 822 365,0
		1		Әлеуметтік салық	12 822 365,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	3 746 541,4
		1		Мүлікке салынатын салықтар	2 556 626,4
		3		Жер салығы	229 151,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	960 764,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	947 000,0
		2		Акциздер	341 000,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды	80 000,0

			пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	526 000,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	250 000,0
		1	Мемлекеттік баж	250 000,0
2			Салықтық емес түсімдер	93 661,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	66 356,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	4 074,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	62 282,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	27 305,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	27 305,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 520 863,0

		01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4 116 863,0
			1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4 116 863,0
		03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	404 000,0
			1	Жерді сату	288 000,0
			2	Материалдық емес активтерді сату	116 000,0
4				Трансферттердің түсімдері	9 928 085,0
		02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	9 928 085,0
			2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	9 928 085,0
Функционалдық топ					
	Кіші функция				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
	Бағдарлама				
	Атауы				
				II. Шығындар	54 599 164,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 042 872,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	425 355,0

		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	39 606,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	39 606,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	385 749,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	385 749,0
	2			Қаржылық қызмет	156 690,0
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	74 312,0
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61 212,0
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	13 100,0

		489		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі	82 378,0
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік активтер мен сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80 155,0
			005	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 223,0
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	48 280,0
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	48 280,0
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 180,0



			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	5 100,0
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	412 547,0
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	32 787,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32 787,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	379 760,0
				Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль	

			001	жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	379 760,0
02				Қорғаныс	97 727,0
	1			Әскери мұқтаждар	96 727,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	96 727,0
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	96 727,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 000,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 000,0
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 000,0
